

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданының И.Білтабанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда № 3892 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Білтабанов атындағы ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Білтабанов атындағы ауылдық округі әкімінің 02.11.2015 № 9 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 94 ұсынысының негізінде И.Білтабанов атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. И.Білтабанов атындағы ауылдық округінің И.Білтабанов ауылы аумағында ірі мүйізді мал арасында бруцеллез жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

І.Қобланов